

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪɓbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Ққ



Қәріп – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирилл графикалы әліпбилерде <к> фонемасы Ққ әрпімен берілсе, латын графикасына көшкен түркі халықтарының әліпбилерінде ол Qq әрпімен таңбаланған. Qq әрпі базалық латын әліпбиінің құрамына шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. 1929 жылғы латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында /к/ фонемасы латынның Qq әрпімен берілген. 1938 жылғы енгізілген түзетуде де тұрпаты өзгерген жоқ. 1940 жылы С.Аманжолов қазақ кирилл әліпбиін түзуде <к> фонемасының жуан вариантын беру үшін әріптің төменгі тұсына ілмек қою арқылы /к/ графемасын беруді ұсынған. Қазіргі жазу тарихымызда бұл әріп сол кезеңдегі тұрпатын сақтап келеді. Қ әрпі сөздің барлық позициясында кездеседі, қолданылу жиілігі жоғары. Әріптің атауы – қы.

Қ дыбысы – тілшік пен тілдің түбі арқылы жасалады, жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс; тілшік пен тіл түбінің тоғысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: *тілшік, тоғысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.

Қабат үтір “ ” · 1) төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылатын («Бекер ме» қасқыр айтты «менің сөзім?»); 2) кітап, журнал, газет аттарына қойылатын («Еңбекші қазақ» газеті, «Қызыл Қазақстан» журналы), 3) бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылатын (леп белгісі «/» лепті сөйлемге, сұрау белгісі «?» сұраулы сөйлемге қойылады; 4) бір нәрсені теріс мағынада атау үшін қойылатын (Жолдас емес адамды «жолдас» деп атау теріс атау болады) тыныс белгі, қабатша, қабатша қос тырнақ. Бүгінгі таңдағы атауы – тырнақша.

Қабатша (қос тырнақ) “ ” – қабат үтір: төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылатын; кітап, журнал, газет аттарына қойылатын; бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылатын; бір нәрсені теріс мағынада атау үшін қойылатын тыныс белгі. Бүгінгі таңдағы атауы – тырнақша.

Қағаз – парсы тіліндегі « کاغذ » «қағоз» деген ұғымнан шыққан атау. Өсімдік талшықтарынан әртүрлі тәсілдер арқылы өңдеу барысында жұқа парақтар ретінде